

Қазақ тіліндегі кейбір паремиялардың шығу тарихы

Кенжалин Қ.К. қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, PhD докторы
Байысхан А., қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Аннотация. Устойчивые языковые единицы используются часто, но неизвестно значение регулярных языковых единиц паремииологии и их истоков. По этой причине в этой статье мы смогли проанализировать специфический для конкретного языка анализ определенной паремииологии и определить ее историю происхождения. Цель этих доминирующих фраз заключается в использовании общего словаря и бытовой лексики, но доминирующие слова связаны со сбором старой паремииологии, для определения их основного лексического значения, для привлечения внимания к словам, которые его поддерживают, и для определения истории паремииологии. Выполняя эти цели, сравнивая некоторые паремииологии с работами разных авторов и с их определениями в словарях, успех статьи основывается на классификации лексикологов. Было установлено, что каждая паремииология напрямую связана с традициями, образом жизни и познанием людей, в зависимости от их происхождения. При рождении любой паремииологии основное доминирующее слово в ее составе играет ключевую роль. Иногда это слово переходит в архаизм или входит в лексику из другого языка. Со временем индивидуальность потеряла свое первоначальное значение и осталась только в устойчивом выражении или в составе паремииологии. На самом деле, они являются произвольным выражением при использовании в качестве личного слова.

Ключевые слова: языкознание, лексикология, фразеология, паремииология, казахская паремииология

Annotation. There is no meaning of regular language units, paramiology, and their origin in the languages though they are frequently used. That is why we could analyze linguistic comprehension of certain paramiology and determine their origin in this article. The purpose of the dominant vocabulary was to achieve this goal, but the meaning of dominant words was to collect the unclear paramiology, to define their mainstream lexical meaning, to draw attention to the words underlying it, and to identify the history of paramiology. By following these goals, the success of the article is based on the classification of lexicologists by comparing certain paramiology from various authors' works and comparing them with the definitions in dictionaries. Each paramiology has been determined to be directly related to people's traditions, lifestyle, and cognition, depending on their origin. At the birth of any paramiology, the main dominant word in its composition plays a key role. It sometimes becomes archaic word, or is included in another language word stock. By the time, individuality of them has lost the meaning and has remained only as constant expression or included in paramiology. In fact, they are arbitrary expressions when used as a personal word.

Keywords: Linguistics, lexicology, phraseology, paramiology, kazakh paramiology

Кіріспе

Қазіргі таңда күнделікті қолданыста паремииологияларды, фразеологизмдерді жиі қолдансақ та, мән-мағынасын жете білмейміз, олардың пайда болу тарихы мен уәжділігінен хабардар емеспіз. Жалпы паремииология (грек. *paremia* – мақал, мәтел) – дидактикалық мазмұндағы мақсатты сөйлемге құрылған тұрақты фразеологиялық бірлік. Фразеология кең мағынасында тіл білімінің жеке саласы ретінде ХХ ғасырдың 40 – жылдары кеңес тіл білімінде қалыптасты. Ал негізінен бұл саланың теориялық негіздері ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында орыс ғалымдары А.А.Потебня, И.И. Срезневский, А.А. Шахматов, Ф.Ф. Фортунатов т.б еңбектерінде салынған. Қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдан бастап Ісмет Кеңесбаев бастаған топ біраз зерттеулер жүргізіп келе жатқанымен, қазірге дейін осынау күрделі процесс жемісі болатын тілдік бірліктердің мәні ашыла қоймады [1.218].

Қазақ халқының мәдени және тарихи өмірінің көрінісі – фразеологиялық қордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады. Және фразеологизмдер белгілі бір кезеңге сай халық, ұлт өмірінен деректер беретін құнды қазына десек, асыра айтқандық емес. Паремииологиялардың пайда болу,

шығу тегі әлі де ұлттық лексикамыздағы зерттеуді қажет ететін ерекше мәселе.

Қазақ тіл білімінде халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданатын лексемаларға өзге бір құбылысты теңеу арқылы жасалған фразеологизмдер көптеп кездеседі. Бұл жайында Г.Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» атты еңбегінде тоқталып өтеді. Мұндай фразеологизмдер қатарына ойындағысын сыртқа шығара алмай, іштей арпалысу мағынасын беретін «іші қазандай қайнау», үнемі бірге мағынасындағы «қосақтаулы тайыншадай», жақтырмады, тыжырынды мағынасындағы «кірпідей жиырылды», абыр-сабыр болды мағынасындағы «жау тигендей» тіркестерін жатқызуға болады [2.207]. Бұл фразеологизмдердің құрамындағы қазанның қайнауы, тайыншаның қосақталуы, кірпінің жиырылуы тікелей танымға байланысты лексикалық бірліктердің тіркесе келіп, тұрақталуына ұйтқы, уәж болған.

Ал лексиколог ғалымдар Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев паремииологиялардың пайда болу, шығу тарихын төмендегідей түсіндіреді:

- ел ішіндегі дау-дамайды (жер дауы, жесір дауы т.б) билік жолымен шешуге байланысты туған: ант берді, жан берді, атым құрысын, көрсем көзім шықсын, құдай біледі т.б тұрақты тіркестер;

- адамның әртүрлі қасиетіне байланысты фразеологизмдер: аузын ашса, көмейі көрінеді, қолы ашық, аузымен орақ орган, сұғанақ көз т.б;

- көшпелі заманда халықтың тіршілік көзі – төрт түлік мал атауларының қатысымен туған фразеологизмдер: ат құйрығын кесісті, ат сабылтты, қойдан қоңыр, жылқыдан торы, түйенің танығаны – жапырақ т.б

- уақыт, мезгіл өлшемдеріне байланысты фразеологизмдер: қас қағымда, әне-міне дегенше, түні бойы т.б

- қашықтық, жақындық, кеңістік мөлшеріне байланысты фразеологизмдер: айшылық жер, таяқ тастам жер, ит өлген жер т.б

- көрнекті тұлғалардың қанатты сөздерінен шыққан фразеологизмдер: Мысалы, Абайдағы жүрек сөзімен байланысты: ыстық жүрек, жас жүрек, ынталы жүрек, ет жүрек, асау жүрек т.б [1.215-218].

Ғалым К.Аханов болса «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде фразеологизмдердің пайда болуы мен шығу негіздерін өзінше анықтай отырып, бұдан бөлек келесідей классификация жасайды:

1. Әр түрлі құбылыстардың адам ойында қорытылған образды бейнесі негіз болған фразеологизмдер. Мысалы, ер қашты болу (мағынасы – «әбден жалығу, мезі болу») деген фразеологиялық оралымның негізінде көп мініс көрген арық аттың ер саларда одан қашып мезі болуы, бойын аулақ салуының бейнесі жатыр [3.182].

2. Жасалуына түрлі аңыздар, әр түрлі ұғымдар мен түсініктер негіз болған фразеологизмдер. Мысалы, халықтың түсінігінше (ескіше) жақсы ит аулаққа барып өледі. Осындай түсінік «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген мақалдың жасалуына негіз болған. Осыдан келіп, халық алыс жерді ит өлген жерде немесе ит арқасы қиянда дейді [3.182].

3. Тарихта болған кейбір жағдайлардың, дағдылардың негізінде пайда болуы мүмкін фразеологизмдер. Мысалы, орыс тіліндегі во всю ивановскую (мағынасы – «өте қатты, бар дауысымен») деген фразеологиялық оралымның шығу тегі былайша түсіндіріледі: ертеде Кремльдегі Ивановск алаңында адамдар көп жиналып, онда указдар, бұйрықтар жиналғандардың бәріне естілетіндей қатты дауыспен оқылып, әрі қоңыраудың үні бүкіл алаңды (Ивановск алаңын) жаңғыртқан. Осыдан орыс тілінде «бар дауысымен айғайлау» деген мағына кричать во всю ивановскую деген тіркеспен берілсе, «қатты қорылдау» храпеть во всю ивановскую деген тіркеспен берілген.

4. Уақыт өлшемі – «сағат», «минут», «секунд» ұғымдары және олардың атаулары бірден пайда болмаған. Бұл ұғымдар мен атаулар жоқ кезде белгілі бір іс-әрекеттің белгілі мерзім ішінде өтуі немесе басталуы уақыт өлшемі ретінде пайдаланылған. Осыдан тілімізде мезгілдік мағыналарды білдіретін бие сауым, ет асым (уақыт), күн арқан бойы көтерілгенде, екінді мен ақшамның арасында тәрізді сөз тіркестері пайда болған.

5. Профессиональды лексикадан ауысқан. Мысалы, орыс тіліндегі дело-табак («жағдай өте жаман») деген бұрлақтардың тілінен алынған. Мұның шығу төркіні бұрлақтар өзенді кешіп өту кезінде темекі байлаған қылқа мойынға судың жеткенін

ескерту үшін айтуымен байланысты. Осы қатарға ғалым белгілі бір тілдің фразеологиялық құрамы аударма арқылы жасалған фразеологиялық оралымдармен де толығырақ деп, орыс тілінен енген келесі мысалдарды береді: «Балықшы балықшыны алыстан көреді», «қойға шапқан батырың батыр көрсе, қой болар» [3.183-186].

Бұдан бөлек Г. Смағұлова фразеологизмдердің шығу тегін әр халықтың ұлттық тіршілігіне сай, наным-сеніміне қарай, табиғат құбылыстарының түрлі әсерімен байланыстырып, сол халықтың күн көріс тұрмысынан, әдет-ғұрпынан хабардар етеді деп тұжырымдайды. Мысалға, автордың беріп отырған «Айы оңынан туу» – деген бірлігін алып қарасақ, халықтың көріпкелдік қасиетін көреміз [4.46]. Айдың түрлі қалып күйіне қарап ауа-райын болжаған дана халқымыз, жайшылық заман болсын деп, ай оңынан тусын деп тілек білдіріп отыратын болған. Кейін келе бұл тіркес мағынасын кеңейтіп, жолы болу, ісі сәтімен жүзеге асу мағынасында тұрақталған.

Негізгі бөлім

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер шығу тегі жағынан көне түркі дәуірімен де, орта түркі заманындағы қыпшақ қауымымен де, қыпшақ қауымынан бөлініп қазақтың өз алдына халық, одан соң ұлт болып дамыған дәуірімен де байланысты. Сол дәуірлердің барлығы дерлік тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасып, тұрақталуында өз таңбасын қалдырғаны анық. Фразеологизмдердің шығу тегі, қалыптасу жайы теориялық тұрғыда осылай болғанымен, жоғарыда айтылған дәуірлердің әрқайсысына тән фразеологизмдердің жүйесі қандай, олар ары қарай қалай дамыды деген мәселелер түркітануда әлі күнге өз шешімін тапқан жоқ. Қазіргі таңда тек жекелеген фразеологизмдердің қай дәуірден екені жайлы ғылыми болжам, пікірлер болмаса, кең көлемде зерттеулер жоқ. Сол себепті фразеологизмдердің шығу тегі, пайда болу негіздері жайында неғұрлым жалпы тұжырым жасауға тура келеді.

Негізі қазақ халқы өте данышпан, ойнап сөйлесе де ойлап сөйлейтін халық қой. Әрбір паремологиялардың, тіптен тұрақты сөз тіркестерінің астарында белгілі бір тарих, таным болады. Сондай қазақ арасында кеңінен қолданылатын тұрақты тіркестің бірі **«әліптің артын бағайық»**. Бұл тіркеске лингвистикалық тұғыдан анықтама бермесе де, С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» атты романында жалпы сипаты ашылады. Яғни романның «Қаңғырған күндер» атты V бөлімінде: – құмалақпен бал ашқанда оның саны 41 болады. Қазақ ұғымында, құмалақтың «қырқы» емес, «қырық біріншісі» ғана сөйлеп болжал айтады, оның аты – «әліп» сондықтан бал ашқанда әліптің жау жағына я өз жағына шығарын бақылайды. «Әліптің артын бағайық» дейтіні сол – деп көрсетеді [5.56]. Яғни бұл атау қазақ халқының танымына сай уақыт өте келе оқиғаның, мәселенің ақырын күтейік деген мағынаға ие болып, тұрақты сөз тіркесіне айналған. Бұл тіркестегі ұйтқы, яғни доминант «әліп» сөзіне байланысты қазақ тілінің көп томды түсіндірмелі сөздігінде араб әліпбиінің бірінші әрпінің аты деп анықтама берілгенімен, жоғарыдағы автор тұжырымымен ұштасатын пікір де жоқ емес. Оған

құмалақ салғанда оңынан түс деген мағынаны білдіретін «әліп түс» – деген этникалық тілектің берілуі айқын дәлел бола алады. Тағы бір этникалық тілек деген анықтамамен берілген тіркес – «жерге түспес жеті әліп». Бұл тіркестің беретін мағынасы жолы болғандықты білдіретін құмалақтың түрі деп берілген [6.446]. Яғни қандай да бір тұрақты сөз тіркесті алмайық, ол белгісіз жағдайда жасалмайды. Оның шығу тарихы, пайда болуы белгілі бір оқиғамен байланысты болады. Оның қалыптасып, тұрақталуына ұзақ уақыт керек. Бұдан біздің көретініміз кез-келген тілдік бірлік тікелей халықпен бірге дамиды. Халық дүниетанымына, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне байланысты туындайды. Тұрақты сөз тіркесінің пайда болу тарихы күрделі, прогрессивті құбылыс екені осыдан-ақ түсінікті. Қазіргі кезде қоғам дамуына байланысты құмалақ салу, жалпы құмалақ деген ұғым қолданыстан алшақтаса да, осы құмалақ салу дәстүріне байланысты туған әліп сөзі өзінің семантикалық аясын жоғалтпай, басқа сөздермен тіркесте жиі қолданылуы негізінде тұрақты сөз тіркесінің құрамдас бөлігіне айналып отыр. Мұндай фразеологизмдерді Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев өз топтастыруларында халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілік өміріндегі әртүрлі жағдай себеп болған фразеологизмдер деген топқа жатқызады. Егер осы топтың ішкі тармақтарына қарайтын болсақ, «әліптің артын бағу» бір қарағанда пайда болуына халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері себеп болған фразеологизмдерге келетін сияқты, бірақ ол діни ұғымға, ескі түсінікке, киелі сандарға байланысты туған фразеологизмдермен үндес, мағыналас болып келеді. Егер логикалық тұрғыдан қарайтын болсақ та, құмалақ салу ескі түсінік, ескі сенім. Алайда осы әліп сөзін синхрондық тұрғыда қарастырар болсақ қазіргі тілімізде метатеза құбылысына ұшырап, әлпі, әлпет сынды формаларда кездеседі. Оған мысал ретінде Т.Ізтілеуовтың «Рүстем» дастанындағы мына үзіндіге назар аударсақ: «Ұл туды ол ел көзіне қолайсыздау, әлпі жоқ алпауыт боп алатын жау» – мұны айқын көре аламыз [6.447]. Сонымен қатар осы әліп сөзі туысқан түрік тілінде Elif деген дыбыстық өзгеріспен қыз есімі ретінде жиі қолданылады. Сонда әліп сөзі өзіндік тарихи даму кезеңін басынан өткерген көне сөз екеніне толық көзіміз жетеді.

Романда кездесетін келесі бір тұрақты тіркес «**тістен шығармау**». С.Мұқанов бұл тіркесті «Күн бұрын қатты ескертерім естіген сөздерің осы арада қалсын. Жан адамға тістеріңнен шығара көрмеңдер» – деген үзіндіде қолданған [5.54]. Бұл бірліктің берер мағынасы қандай да бір құпияны, жасырын әңгімені ешкімге айтпау дегенді білдіреді. Бұған қоса қазіргі лексикалық қорымыздағы «тіс жармау» деген тұрақты тіркес аталмыш бірліктің бір варианты іспеттес. Қазақ халқында бұған қоса «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» – деген де түсінік бар, сондықтан бұл қазақ танымына сай құрылған тілдік бірлік екені айқын. Сонда бірліктің шығу тарихы тікелей іс-әрекетпен, яғни ауызды ашпау, тістен шығармау, сөйлемеу сынды ұғымдармен байланысты. Сонда бұл фразеологизм өзінің шығу тегі бойынша Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев

классификациясында шыққан тегінде еркін тіркестер жатқан топқа сәйкес келеді.

Келесі бір өзінің шығу тарихын көнеден бастайтын паремиология «**Ат арыса тулақ, ер арыса аруақ**». Бұл мақалдың көнелігін мақал құрамындағы негізгі ұйтқы сөздің бірі «тулақ» лексемасының көнерген сөздер қатарынан көрінуінен байқауға болады. Тулақ сөзінің түсіндірмелі сөздіктегі тура мағынадағы анықтамасы – үстіне жүн сабау немесе төсеніш үшін көбіне ірі қараның, тайдың терісінен жасалатын, жүні алынбай кепкен көнтері. Ал ауыспалы мағынада – көп мінілген, азып – арыған ат делінген. Мақалға келер болсақ, антитеза тәсілі арқылы екі ұғымды салыстырып беріп тұр [8.393]. Яғни мақалдың шығу тарихы ер азамат пен оның қанаты іспеттес арғымақ аттың арыған, қиыншылық көріп қиналған кездегі бейнесін халық өз танымына сәйкес ұқсастырып, тікелей байланыстыруынан келіп туады.

Сонымен қатар бүгінде ұзақ жылғы даму барысында тұрақталып, қалыптасқан келесі бір тілдік бірлік «қақ» сөзі. М. Мағауиннің «Аласапыран» романында «Тар күнде тарыққан шақта, **қағынан жеріген құландай**, халыққа сырт беріп еді, елі кеңелген, өзі оңалған құт жылы ата дәстүрін қайта тапқан» – деген үзіндіде аталмыш сөз «қағынан жеріген құландай» тұрақты сөз тіркесінің құрамында келгенін көруге болады [9.31]. Бұл жерде тұрақты тіркес елінен-жерінен безінген деген мағынада қолданылғанын құрмалас сөйлемнің келесі компоненті айқындап тұр. Түсіндірмелі сөздікте де «қақ» сөзіне – жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су деген анықтама берілгенімен қағынан жеріді деген тіркеске де тоқталып өтеді. Тіркестің беретін мағынасы өз отаны, туған жерінен безінді, қол үзді [10.81]. Сондай-ақ осы «қақ» сөзіне байланысты академик Ісмет Кеңесбаев өзінің «Фразеологиялық сөздігінде» «қағынан жеріді» тіркесін берген. Және оның мағынасын ғалым суынды, безінді, бойын аулақ салды деп көрсетеді. Сонымен қатар қазақ арасында «Қағынды келгір!» деген қарғыс сөздің бар екенін де атап өтеді. Ал қағынды сөзіне «өкпені талауратып кететін ауру» – деген сипаттама береді [8.391]. Бұл фразеологизмнің шығу тарихы сонда тікелей қақ сөзінің алғашқы тоқтау су мағынасымен да байланысты, яғни қазақта «туған жердің суы да бал татиды» деген түсінік бар емес пе? Осындай қастерлі туған жер ұғымына балама танымды көрсету мақсатында алынған лексема безіну, бас тарту мағынасындағы жеру сөзімен тіркесу арқылы тұрақты сөзге айналып фразеологизмнің мән-мағынасын толықтыра түскен. Ал соңғы құлан компоненті түрлі автордың қолданысына байланысты өзгеріп отырады. Мысалға, жоғарыдағы түсіндірмелі сөздікте берілген Р.Тоқтаровтың «Тұлпар» атты шығармасындағы үзіндіде: «Кеше өзі көз жасын көл қылып аттанған туған жер оны өз қағынан жеріген киіктей көңіл жүдетіп, кеудеден итергендей болды» [10.81] – деп, автор құлан сөзін киік сөзімен алмастырып тұр. Мұны жеке авторлық қолданыстағы фразеологизмдер деп алуға да болады. Г.Смағұлова мұндай құрамындағы компоненттері ауысып келетін фразеологизмдер жайында кейбір фразеологизмдердің шығу төркіні

мақал-мәтелдер, нақыл сөздерге қатысты, сол себептен кейбіреуінің ауыспалы компоненті болады деген тұжырым айтқан. Оған мысал ретінде жақсы сөз жарым ырыс – жақсы лепес жарым ырыс» - деген қолданысты береді [4.47].

Аталмыш романда кездесетін келесі бір мағыналы тілдік бірлік **«қарға тамырлы»** деген қолданыс. Автор: «Ал сол қарға тамырлы қандас ортасында жалайыр мен тама тонның ішкі бауындай, айрықша жақын, аналары бірге туған бөле деуші еді бұрынғылар» – деген сөйлемде рулық қатынастардың көп екенін, олардың көне заманнан келе жатқанын, қаншалықты бір-бірімен жақындығын көрсету мақсатында «қарға тамырлы» тіркесін қолданған [9.58]. Академик Исмет Кеңесбаев болса «қарға тамырлы» тіркесінің мәнін іліс-шатысты, туысқандық қарым-қатынасты білдіреді деп қана берген. Ал түсіндірмелі сөздікте тамыр сөзіне берілген – қан жүретін жол анықтамасы немесе ауыспалы мағынада қолданылғанда білдіретін – алыс-беріс жасап жүретін досжар адам, жақсы жолдас, сыйлас адам; ашынажай, көңілдес адам сынды мағыналардың бәрі жақындықты білдіреді. Сонымен қатар, тамырлы сөзіне де 2 түрлі анықтамасы берілген:

1. тамыры көп, тамыры терең

2. ертеден келе жатқан, дәстүрлі [10.682-683] – осы анықтамаларға сүйене отырып, жоғарыдағы тіркестің астарына үңілсек, данышпан халқымыз қарғаның 300 жылдық ғұмыр кешетінін әлбетте білген. Сол себептен бұл сөздер тіркесі қазақ танымында ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқан ұрпақ мағынасын қалыптастырғаны анық. Демек фразеологизмнің шығу тарихы, пайда болуы тікелей халық танымымен, даналығымен ұштасып жатыр.

Романда кездесетін ерекше тілдік қолданыстың бірі:

*ант атқанның кебінен сақта,
адасқанның жөнінен сақта,
адалыңды арынан тайғызба,
алқарыңды қадамынан тайғызба*

тура жолға өзің баста! – деген тілектің алғашқы тармағы [9.33].

Осы тармақтың негізгі ұйтқысы болып тұрған кеп сөзі көне түркі тілінде «қалып» мағынасында, қазіргі қырғыз тіліндегі қолданыста да бұл сөздің бір мағынасы «қалып, киім, маска» деген мағынада жұмсалады [11.103]. Алайда бұл жердегі кеп сөзінің төркініне жүгінсек 1966 жылғы этимологиялық сөздіктегі анықтама бойынша: «кеф» парсыша – сөз, тіл деген ұғымды білдіреді. Ол қазақ тілінің заңдылығына байланысты қатаңдап кеткен. Осы фонетикалық формада аталмыш лексема түркі тілдерінің біразында қолданылады. Тілімізде: «құлақпен естімей кепке жарымайсың, қолмен жемей етке жарымайсың» – деген мақалда кеп лексемасы әңгіме мағынасын береді [12.102]. Ал түсіндірмелі сөздікте кеп сөзіне – таздың бас орайтын нәрсесі, таз кепеш; кейіп, қалып, сиық, күй; оқиға, жағдай; гәп, ой-пікір, сөз сынды анықтамалар берілген. Осының ішінде біздің талдап отырған тілдік бірлігімізге мағынасы жуық деп алғанымыз сөз, әңгіме деген анықтама. Оны сөздікте берілген «Ей, жігіт, сал құлағың мына кепке» – деген мысал

айқындай түседі. Яғни жоғарыдағы тілдік қолданыста да кеп сөзі әңгіме мағынасында қолданылса керек. Сонда аталмыш фразеологизм Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев жіктемесіндегі басқа тілден ауысқан фразеологизмдер тобына сай болып тұр. Оның ішінде қазақ тілінің дыбыс заңдылығына бейімделіп, даяр қалпында қабылданған кірме фразеологизмдер тармақшасына келеді.

Қазақ танымында жаугершілік қиын заманды көрсету мақсатында қалыптасып, абыр-сабыр қарбаласта, сүргіншілік жолаушылықта, жүргіншілікте деген мағынада тұрақталған **«аттың жалы, түйенің қомында»** деген тілдік бірлік бар. Бұл тұрақты тіркестің құрамындағы негізгі доминант сөздің бірі қом. Түсіндірмелі сөздікте лексеманың екі түрлі мағынасы берілген:

1. Түйе өркештерінің түп жағындағы тұтаса біткен жота майы; өркештің қабырғаға қарай төмен түскен етегі

2. Түйеге жүк арту үшін, оның қос өркеші мен жотасын орай салынатын қабат-қабат киіз; өрелі киізден немесе туырлықтан жасалған уақытша жазы [13.12].

Ал лексема тұрақты тіркес құрамында келгенде осы негізгі мағынасы белгілі бір дәрежеде сақтала отырып асығыста, көшіп-қонып, мал соңында жүргенде деген мағынаға ие болғанын көреміз. Бұны Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романындағы: «Күні кеше ғана Шағатай балаларының қол астында саудагердің базарына, диханның егісіне жақындай алмай аттың жалы, түйенің қомы күн кешкен көшпендіміз» – деген үзіндіден фразеологизмнің мағынасын айқын байқауға болады. Бұл тұрақты сөз тіркесінің классификациялық тобына келер болсақ, жоғарыдағы лексиколог ғалымдар арнайы жаугершілік заманға байланысты туған фразеологизмдер деген топқа көрсетіп өтеді [1.215].

Қорытынды

Өз ойымызды түйіндей келгенде, мақалада белгілі бір авторлардың еңбектері негізінде қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты, салт-дәстүріне, таным-түсінігіне сай қалыптасқан біршама тілдік бірліктердің мәні ашылды. Кез-келген паремиологиялар халықпен бірге туып, өркендеп, өсіп, тұрақталып, қолданысқа түседі. Бірақ біз күнделікті өмірде қаншалықты жиі пайдаланып жатсақ та, паремиологияның астарына терең үңіліп, оның қайдан, қашан, қандай жағдайға байланысты туғанына назар аудара қоймаймыз. Сол себептен осынау тарихи даму процесін басынан өткізген, түрлі жағдайларға, ерекше оқиғаларға байланысты пайда болған ерекше паремиологиялық құрылымдардың сырын ашып, олардың шығу тарихын анықтауды мақаланың басты мақсаты етіп алдық. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мақалада түсіндірмелі сөздікте, фразеологиялық сөздікте, этимологиялық сөздікте берілген деректер негізінде салыстыру, талдау, жинақтау, анализ-синтез жасау сынды жұмыстар жүзеге асты. Негізінен бізге көп жағдайда паремиологияның жалпы беретін астарлы мағынасы айқын болғанымен, бірлікті құрап тұрған қандай да бір компоненті түсініксіз болып жатады. Бірақ біз оның да мағынасын саралап, этимологиясын қарастырмаймыз, ары қарай ізденбейміз. Алғашқыда

актив қолданыста болып, кейінгі дәуірлерде халықтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүр, наным сенімімен байланысты көнерген доминант сөздер лингвистикалық тұрғыдан талданған кезде ғана паремиологияның нақты тарихы, туындау себебі анықталмақ. Сол себептен түрлі жағдайларға байланысты туындаған, пайда болу, шығу тарихына сан алуан құбылыстар негіз болған тілдік бірліктерді талдау күрделі процесс. Біздің мақала осынау процеске қосылған кішкентай ғана үлес, теңізге тамған тамшы секілді. Мақалада біршама паремиологияның мағынасына ұйтқы болып тұрған доминант сөздері арқылы мағынасын ашып, уәжін табуға тырыстық. Шығу тарихы біздің болжамымыз бойынша лексиколог ғалымдардың классификациясында кездесіп жатса, оны жіктемеге кіргізіп отырдық. Себебі мақалада нақты мысалдар алынған шығармалар саны шектеулі болғандықтан, ғалымдардың топтамасының әр бөліміне мысал

келтіру мүмкін болмады. Мұның өзі паремиологияларды лингвистикалық тұрғыдан талдаудың өзіндік қиыншылығын көрсеткендей. Десе де біз мақалада нақты 7 паремиологияға толық тоқталып, оның этимологиясын, уәжін анықтап, пайда болу тарихын, шығу себептерін айқындадық. Оларды өзімізше тармақтауға тырыстық. Ал түрлі ғалымдардың жіктемесіне сәйкес мақалада қосымша паремиологиялар да мысал ретінде берілді, бірақ осы мақалада сонау замандардан келе жатқан бай тілдік қорымыздағы барша паремиологияны талдау мүмкін болмады. Сондықтан да паремиологиялардың жасалуын, пайда болуын, шығу тарихын зерттеу жұмыстары жоғарыда аталған жолдармен, келтірілген деректермен ғана шектеліп қалмайды. Тіліміздің лексикалық қорын байытуда ерекше орын алатын түрлі паремиологиялардың шығу тарихы, пайда болу негіздері жайлы алда талай еңбектер жазылады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы». – Алматы: Сөздік, 2006. – 264 бет.
2. Мұқанов С. Мөлдір махаббат. – Алматы: Атамұра, 2006. – 518 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі/ Құрастырған Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б – Алматы, 2011. 2-том
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі/ Құрастырған Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б – Алматы, 2011. 14-том
5. Мағауин М. Аласапыран: Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2009. – 416 бет.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі/ Құрастырған Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б – Алматы, 2011.9 – том
7. І. Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 бет.
8. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1996. – 128 бет.
9. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 232 бет.
10. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. Алматы. 1966. – 240 бет.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі/ Құрастырған Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б – Алматы, 2011. 10-том
12. Г. Смағұлова. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 244б
13. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: «Санат» баспасы, 1993. – 496 бет.